Миссионерлік қызметтегі шетелдік азаматтарды есептік тіркеуге алу туралы

Ақмола облысы әкімиятының 2005 жылғы 06 қаңтардағы N а-1/1 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 13 қаңтарда N 2983 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N№148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы"» Заңына сәйкес, " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N№136 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 шілдедегі N№702 қаулысын жүзеге асыру мақсаттарында миссионерлік қызметтегі шетелдік азаматтарды есептік тіркеуге алу үшін Ақмола облысының әкімдігі қаулы е т е д і :

1. Облыс аумағында миссионерлік қызметпен айналысатын шетелдік азаматтарды есептік тіркеуге алу құзыреті Ақмола облысының ішкі саясат департаментіне жүктелсін .

2. Ақмола облысында миссионерлік қызметті жүзеге асыратын шетелдік азаматты есепке алуды тіркеу туралы Куәлік бланкісінің берілген нысаны бекітілсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді.

Облыс әкімі

Ақмола облысы әкімдігінің 2005 жылғы 06.01 N а-1/1 қаулысымен бекітілді

Ақмола облысында миссинерлік қызметті жүзеге асыратын шетелдік азаматты есепке алуды тіркеу туралы _____ КУӘЛІК

_____

(миссионердің аты, әкесінің аты, тегі)

_____

(төлқұжат номері, азаматтық)

_____

(діни сенімі, қай діни бірлестікке жатады)

_____

(қызметін жүзеге асыру рұқсат етілген аумақ)

Осы куәлік _____ дейін заңды

(мерзімі)

Ескерту: Осы куәліктің күші жүретін мерзімі аяқталысымен миссионер оның мерзімін заң арқылы белгіленген тәртіппен ұзартуға міндетті облыс аумағынан кетуі тиіс, олай болмаған жағдайда ол заң арқылы белгіленген тәртіп бойынша облыс аумағынан шығарылып жіберіледі.

Ақмола облысы ішкі саясат департаментінің директоры _____
А.Ә.Т.

Көкшетау қаласы « » _____200_ ж
/берілген күні/

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК